

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 669 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 ақпандағы N 114 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 669 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетігі" деген 3 - бөлімде:

"Магистралды газ құбырлары жүйесін жаңғырту және дамыту" деген 3.3-кіші бөлімде:

"Жаңа газ құбырларын қайта құрылымдау және салу" деген 3.3.1-тарауда:

"Жұмыс істеп тұрған газ-көлік жүйесін қайта құрылымдау және салу" деген бөлігінде:

соңғы абзацтағы "және бәсекелестікті қорғау жөніндегі" деген сөздер алынып тасталсын;

"Елді газбен ішкі жабдықтау газ құбырлары тораптарын кеңейту" деген бөлігінде:

тоғызыншы абзацтағы "және "РГС" ЖАҚ", ", сондай-ақ "ҚазТрансГаз Дистрибьюшен ЖАҚ атынан газды көтерме саудамен жеткізу жөніндегі оператордың" деген сөздер алынып тасталсын;

"Саланы ұйымдастырушылық және нормативтік қамтамасыз ету" деген 3.4-кіші бөлімде:

"Газ көлік жүйесінің ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру" деген 3.4.1.-тарауда:

он үшінші абзац алынып тасталсын;

"2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-

б ө л і м д е :

"Сала жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі іс-шаралар" деген 1-кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-1-жолмен толықтырылсын:

"3-1 Қазақстан Республикасы-ның газ саласын дамытудың 2007-2010 жылдардағы кезеңге арналған (екінші кезеңі)	Қазақстан Республикасы-ның Үкіметі мемле-қаулысының жобасы	ЭМРМ, 2006 ж. Талап Жоқ мүдделі 4-тоқсан етіл-мейді кеттік органдар мен компаниялар (келісім бойынша)
---	--	---

б а ғ д а р л а м а с ы н
і с к е а с ы р у
ж ө н і н д е г і і с -
ш а р а л а р ж о с п а р ы н

ә з і р л е у

";

көрсетілген Жоспарға ескертуде:

"ТМРБҚА - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі" деген жол "ТМРА - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі" деген жолмен ауыстырылсын;

"ТЖА - ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі" деген жол "ТЖМ - ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі" деген жолмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі